

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1441 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1437 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.19 N 159 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерді пайдалануының тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1441 P991441_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 48, 443-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерді пайдалануының тәртібіндегі :

3-тармақтың 1) тармақшасы "үйлері" деген сөзден кейін "дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді қалпына келтіруді және әлеуметтік бейімдеуді жүзеге асыратын білім мекемелері" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК